

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті  
Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы



# Ишемиялық инсульт.

Орындаған: 329-топ студенті

2017

# \* Жоспар

\* I. Кіріспе

\* II. Негізгі бөлім

1. Инсульт туралы жалпы ақпарат

2. Этиологиясы

3. Қауіп факторлары

4. Дамуы

5. Диагностикасы

6. Емі


\* III. Қорытынды

# Инсульт

\* Шұғыл медициналық көмекті қажет ететін ауру. Инсульт миға қан келуі тоқтаған кезде пайда болады. Миға қан келуі тоқтаған бірнеше минуттен кейін ми жасушалары тіршілігін жоя бастайды.

\* Инсульттің екі түрі бар. Жиі кездесетін түрі – ишемиялық инсульт, мидың қантамырының тромбымен бітелуіне байланысты. Басқа түрі – геморрагиялық инсульт – қан тамырының жарылуымен және миға қан құйылуымен байланысты.

«Мини-инсульттер» немесе транзиторлық ишемиялық шабуылдар мидың қанмен қамтамасыз етілуінің қысқа мерзімдік тоқтауында болады.



# \* Инсульттің симптомдары:


- Беттің, қолдың немесе аяқтың кенеттен жансызданып, ұйып қалуы немесе әлсіздігі (әсіресе, дененің бір жағында)
- Кенеттен тежелу, сөйлеуде немесе сөзді түсінуде мәселе пайда болуы
- Бір немесе екі көздің кенеттен көруінің нашарлауы
- Кенеттен жүрудегі мәселе пайда болуы, бас айналуы, тепе-теңдікті немесе қимыл үйлесімін жоғалту
- Кенеттен себепсіз күшті бас ауырсынуы

\* Егер осы симптомдардың бірі байқалса, ауруханаға шұғыл емдеуді бастау үшін көріну қажет. Инсульттің шұғыл емдеуі оның дамуын тромбты тез еріту арқылы немесе қан кетуін тоқтату арқылы тоқтатуға тырысу. Реабилитациялық емдеу адамдарға инсульттің нәтижесі – мүгедектікті жеңуге көмектеседі. Қанды

# \*Ишемиялық инсульт

- \*Ишемиялық инсульт миға оттегіге қаныққан қанды жеткізетін артерияның бітелуінде пайда болады. Бітелу ишемиялық инсульттің де себебі - тромбы салдарынан болады.
- \*Ишемиялық инсульттің екі түрі бар: тромболиялық және эмболиялық. Тромболиялық инсультте қан ұйындысы (тромб) миға қан жеткізетін артерияда түзіледі.
- \*Эмболиялық инсультте қан ұйындысы немесе басқа заттек (мысалы түйіндақ немесе май материалы) қан ағымымен мидың артериясына түседі. (қан ағымымен қозғалатын тромб немесе түйіндақтың бөлікшесі эмбол аталады).
- \*Инсульттің екі түрінде де тромб немесе түйіндақ оттегімен қаныққан қанның миға баруын тежейді.

# Механизм развития ишемического инсульта



# \*Қауіп факторлары

\* Жасы және жынысы

\* Жүрек аурулары және жоғары АҚ

\* Диабет

\* Тұқым қуалаушылық

\* Алкоголь және наркотик тұтыну, кокаин, амфетамин және басқасын қоса.

\* Қандағы зиянды холестериннің жоғары деңгейі

\* Дене белсенділігінің болмауы

\* Дұрыс тамақтанбау

\* Семіздік

\* Күйзеліс және депрессия

\* Васкулит (қантамырларының қабынуы) және қанның ұюының

# \*Ишемиялық инсульт және

## транзиторлық ишемиялық шабуыл

- \*Ишемиялық инсульт және транзиторлық ишемиялық шабуыл (ТИШ) миға оттегімен қаныққан қанды жеткізетін артерияның бітелуінде пайда болады. Ишемиялық инсульт және транзиторлық ишемиялық шабуылдың пайда болу қаупі көптеген ауруларда артады.
- \*Мысалы, атеросклероз кезінде түйіндақ аталатын майлы заттектер артериялардың ішкі қабырғасында жинақталады. Біртіндеп түйіндақ қатаяды және артерияның саңылауын тарылтады, бұл кезде тіндер мен ағзаларға (мысалы, миға және жүрекке) қан баруы шектеледі.
- \*Артериядағы түйіндақ жарылуы мүмкін. Тромбоциттер түйіндақтың зақымданған жерінде жинақталады және тромб түзіп, жабысады. Бұл тромбылар артерияны ішінара немесе толығымен бітеуі мүмкін.
- \*Түйіндақтар организмнің кез келген артериясында түзілуі мүмкін, оның ішінде, жүректің, мидың және мойынның артерияларында.




- \* Мойынның екі жағындағы екі негізгі артериялар ұйқы артериясы аталады. Бұл артериялар оттегіге қаныққан қанды миға, бетке, шаш түбіне және мойынға жеткізеді.
- \* Түйіндақтар ұйқы артериясында жинақталғанда ұйқы артериясының ауруы аталатын жағдай пайда болады. Ұйқы артериясының ауруы көптеген ишемиялық инсульттің және ТИШ себебі болады.
- \* Артерияның қабырғасынан тромбы немесе түйіндақтың бөлігі ажырағанда эмболиялық инсульт (ишемиялық инсульттің түрі) немесе ТИШ дамуы мүмкін.
- \* Тромб немесе түйіндақ қан ағымымен қозғалып, мидың артериясының бірінде тұрып қалуы мүмкін. Бұл артериядағы қан ағымының тоқтауын және мидың жасушаларының зақымдануын туындатады.
- \* Жүрек және қан аурулары да тромбының және инсульттің немесе ТИШ пайда болуының себебі болуы мүмкін. Мысалы, жүрекшенің

\* ЖФ кезінде жүректің жоғарғы камералары тым тез және ұдайы емес ырғақпен жиырылады. Нәтижесінде, қанның аз көлемі жүректе қалады. Қан іркілуінде жүректің камераларында тромбы түзілуінің қаупі артады.

\* Ишемиялық инсульт және ТИШ артериялардың атеросклерозбен зақымдануы салдарынан дамуы мүмкін. Бұл зақымданулар шағын артерияларда кездеседі және қанның миға баруын тежейді.

## Ишемический инсульт



# \* Инсульттің симптомдары:

- \* Кенет әлсіздік
- \* Паралич (салдану) немесе беттің, қолдың, аяқтың жансызданып, ұйып қалуы, әсіресе, дененің бір жағында
- \* Естің қалыпты болмауы
- \* Сөйлеу мен түсінудегі мәселелер
- \* Бір немесе екі көздің де көруіндегі бұзылыстар
- \* Тыныс алудағы мәселелер
- \* Бас айналуы, жүрудегі қиындықтар, тепе-теңдікті немесе қимыл үйлесімін жоғалту және түсініксіз құлаулар
- \* Естен тану
- \* Кенет және күшті бас ауырсынуы

# \* Инсульттің асқынулары

- \* Инсульттен кейін сізде келесі асқынулар пайда болуы мүмкін:
- \* **Тромбы және бұлшық ет әлсіздігі.** Ұзақ төсекте болу аяқтың терең көктамырында (венада) тромбы даму қаупін арттырады. Сондай-ақ, бұл бұлшық етінің әлсіздігіне және икемділігінің азаюына апаруы мүмкін.
- \* **Жұтудағы мәселелер және пневмония.** Егер инсультте жұту кезінде қатысатын бұлшық еттер зақымданса, тағам тұтыну және ішуде қиындықтар пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ, өкпеге тағамның және сусынның бөліктері түсу қаупіне ұшырауыңыз мүмкін. Осылай болғанда пневмония дамуы мүмкін.
- \* **Несеп қабын бақылай алмау.** Кейде инсульт кезінде несеп шығару актісіне жауапты бұлшық еттер зақымданады. Өздігінше несеп шығара алатын болғанға дейін несеп катетерін (несепқапқа қойылатын түтік) қою қажет болуы мүмкін. Бұл катетерлерді қолдану несеп жолдарының инфекциясына апаруы мүмкін. Сондай-ақ, инсульттен кейін ішекті бақылауды жоғалту немесе

Жүрек-өкпелік реанимацияның бастапқы стадиясы – жедел оксигенация жасау арқылы жүреді. Ол 3 кезектескен этаптан тұрады:

\* тыныс жолдарының өткізгіштігінің бақылау және қалпына келтіру;

\* тынысты жасанды ұстап тұру;

\* қан айналымды жасанды ұстап тұру

Тыныс жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру үшін


П.Сафардың 3 тәсілі қолданылады: басты шалқайту, ауызды ашу, төменгі жақты алға тарту.

Осы әрекеттерді орындағаннан кейін бір қолды науқастың маңдайына қояды.


Науқастың мұрнын саусақпен қысып науқас кеудесінің экскурсиясына қарай отырып ауаны үрлеу керек. Ол көтерілген кезде науқастың аузын төмен түміру керек. Бұл кезде науқас толық пассивті тыныс шығарады. Тыныс көлемі 500–600 мл (6–7 мл/кг), тыныс жиілігі – минутына 10 рет.

- \* Емдеуші дәрігер науқастағы симптомдардың, аурудың медициналық тарихының, тексеру мәліметтерінің және зерттеулер нәтижелерінің негізінде инсульт диагнозын қояды.
- \* Дәрігер инсульттің пайда болу түрін, себебін, мидың зақымданған аумағының орналасуын, қан құйылуы болуын анықтап, нақтылауы қажет.
- \* Егер дәрігер науқаста транзиторлық ишемиялық шабуыл (ТИШ) болуын анықтаса, инсульттің алдын алу үшін оның себебін іздейді.
- \* **Аурудың тарихы және медициналық тексеру**


# Ишемический инсульт в динамике




10 часов



3-е сутки



7-е сутки







14-е сутки

21-е сутки

2 месяца

6 месяцев

1 год



# \* **Диагностикалық тексерулер және процедуралар**

\* Инсульт пен ТИШ анықтау үшін дәрігер келесі тексерулерді ұсынады:

## \* **Мидың компьютерлік томографиясы (КТ)**

\* Мидың компьютерлік томографиясы (КТ) – рентген сәулелерінің көмегімен мидың айқын, толық суретін алуға мүмкіндік беретін, ауырсынусыз тексеріс. Тексерудің бұл түрі, көбінесе, инсульт болғаннан кейін бірден өткізіледі.

\* КТ инсульт кезіндегі қан кетуін немесе ми жасушаларының зақымдануын көрсетеді. Сондай-ақ, тексеру симптомдардың себебін құрайтын басқа да мидың ауруларын анықтауға мүмкіндік береді.

## \* **Мидың магниттік-резонанстық томографиясы (МРТ)**

\* Ағзалар мен дененің құрылымының айқын суретін алу үшін МРТ кезінде радиотолқындар және магниттер қолданылады. Бұл тексеріс кезінде ми тінінің өзгерістері және ми жасушаларының зақымдануы



## \* Компьютерлік томографиялық ангиография және магниттік-резонанстық ангиография

\* КТ-ангиографияда (КТА) және магниттік-резонанстық ангиографияда (МРА) мидағы ірі қан тамырларын көруге болады. Бұл тексерулер дәрігерге тромбының орналасуы және мидағы қан ағымы туралы ақпарат береді.

## \* Каротидтік ангиография

\* Каротидтік ангиография – бұл ұйқы артериясын көрнекі ету үшін бояғыш және арнайы рентген сәулелері қолданылатын әдіс.

\* Бұл тексерудің барысында катетер аталатын түтік шаптың аумағында (жамбастың жоғары тұсында) орналасқан артерияға орнатылады. Осыдан кейін түтік жоғары қарай ұйқы артериясының біреуіне жылжиды. Дәрігер контрастылық заттекті осы арқылы ұйқы артериясына енгізеді.

\* Бояғыш артерияларды рентген суреттерінде көрінетіндей етуге көмектеседі.

## \* Қан талдауы

- \* Дәрігер қан талдауын инсультті анықтау үшін қолданады.
- \* *Қандағы қант деңгейін анықтау (глюкоза)*. Қандағы глюкозаның төмен деңгейінде инсультке ұқсайтын симптомдар болуы мүмкін.
- \* *Қандағы тромбоциттер мөлшерін анықтау*. Тромбоциттер – қанның ұюына көмектесетін қан жасушалары. Тромбоциттердің ауытқылы деңгейі – қан ұюының бұзылысының немесе тромбоздық бұзылыстардың (ұюдың жеткіліксіздігі) белгісі болуы мүмкін.
- \* Сондай-ақ, дәрігер қан талдауын *қанның ұюының уақытын өлшеу* үшін қолданады. Екі тексеру – протромбинге (ПТ) және протромбиндік уақытқа (ПТУ) – қанның қалыпты ұюының жағдайын көрсетеді.

# \* Емі

- \* Инсультті емдеу оның түріне байланысты (ишемиялық немесе геморрагиялық). Транзиторлық ишемиялық шабуылды емдеу (ТИШ) оның себебіне, басталғаннан өткен уақытына, симптомдарына, басқа аурулардың болуына байланысты.
- \* Инсульт және ТИШ шұғыл медициналық жәрдемді қажет етеді. Егер Сізде инсульт симптомдары болса, шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметіне хабарласыңыз. Өздігінше ауруханаға жетуге немесе басқа біреудің апаруына жол бермеңіз. Шұғыл медициналық жәрдем ауруханаға жетер жолда қажетті емдеуді жасай алады. Инсульт кезінде әр минут қымбат.
- \* Бастапқы емдеуді алғаннан кейін дәрігер инсульттің қауіп факторларын емдеуге және асқынуының алдын алуға тырысады.
- \* **Ишемиялық инсультті және транзиторлық ишемиялық шабуылды емдеу**
- \* Ишемиялық инсульт және транзиторлық ишемиялық шабуыл (ТИШ) миға оттегімен қаныққан қанды жеткізетін артерияның бітелуінде пайда болады. Қан тамырларының бітелуі көбінесе, ишемиялық инсультқа және транзиторлық ишемиялық шабуылға апаратын тромбыларға байланысты.
- \* Ишемиялық инсультті және транзиторлық ишемиялық шабуылды емдеу үшін дәрілік препараттар және медициналық ем шаралар қолданылады.

- \* <https://studfiles.net/preview/6189214/page:39/>
- \* [http://studopedia.ru/13\\_135654\\_sepsis.html](http://studopedia.ru/13_135654_sepsis.html)
- \* [http://yaneuch.ru/cat\\_46/aya-astynan-bolatyn-lm-klinikasy/304309.2384580.page1.html](http://yaneuch.ru/cat_46/aya-astynan-bolatyn-lm-klinikasy/304309.2384580.page1.html)
- \* <https://kazmedic.org/archives/3485>
- \* <https://yandex.kz/images/>

**\* Пайдаланылған  
әдебиеттер тізімі**